



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№23

(907)

17 маусым

2022 жыл

ҚҰРЫЛТАЙ



Әр тасында таңбасы бар тарихтың,
Заңғар шыңы бірлігіндей халықтың,
Кең даласы, кең қазына қоймасы,
Тұлғасы өзге Ұлытаудай алыптың.

Киелі топырақтың перзенті, танымал акын Батырбек Мырзабеков жырға қосқан Ұлытау — ұлт ұясы, қаймана қазақтың басын қосқан алтын бесік. Бүгін де ұлтымызды ұйыстыратын, бірлік пен бүтіндікке шақыратын қасиетті мекен. Мемлекет басшысының бастамасымен кеше Ұлытау төрінде өткен Ұлттық құрылтай мұның айқын дәлелі болса керек. Келелі істі көппен кенесіп шешкен басқосу туралы 2-беттен оқыңыздар.

БАҒА

АЛМАТЫДА ҚАНТ БАР, БІРАҚ ҚЫМБАТ

Жеміс-жидек пісіп, халық тосап қайнатудың қамына кіріскенде қанттың да бағасы қайнап шыға келді. Қазір енді қант аламын десеңіз, біраз әбігерге түсуіңізге тура келеді. Өйткені шағын азық-түлік дүкендерінен бастап ірі базарларға дейін аралап көріңіз, шекерге деген жұрттың ындыны көпкенін байқайсыз.

(Жалғасы 2-бетте)



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Білім және ғылым министрлігі оқу-ағарту министрлігі және жоғары білім министрлігі болып екіге бөлінгені күні кеше.

«Білімді мыңды жығатын» заманда бұл министрлікті қайта құрылымдап, еншісін бөліп, жеке-дара ведомство құру туралы осы күнге дейін айтылып келген. Осы мәселені көтеріп, «жартасқа барып, күнде айғай салмаса» да, ел ішінде жүргенде, сөздің реті келгенде, ойын бүкпей айтқан жанның бірі – сенатор Мұрат Бақтиярұлы. Қайбір күні Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа депутаттық сауал жолдады. Біз сенаторға хабарласып, өзекті мәселенің өзегін қуалай сауал қойып, жауабын жазып алдық.



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:

БІЛІМ САЛАСЫНДА БІЗ ЕЛІКТЕМЕГЕН ЕЛ ЖОҚ

Jas qazaq: Мұрат Бақтиярұлы, сіз Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжановтың атына жолдаған депутаттық сауалыңызда білім саласындағы қордаланып қалған мәселені көтердіңіз. Жалпы бұл саланың сан тарау сілемдеріндегі түйткілдерін бұған дейін де көтеріп, айтып жүргеніңізді білеміз.

Мұрат Бақтиярұлы: Бүгінгі заманда саналы ұрпақ тәрбиесі — болашағымыз үшін ең асыл мұра, ең қымбат құндылық. Дұрыс ұйымдастырылған білім мен тәрбиенің қуатына тең келетін пәрменді құрал мен рухани күш табу қиын. Ұрпақ білімі мен тәрбиесіне жұмсалған күш-жігер, уақыт, еңбек — болашаққа деген ең маңызды инвестиция, оның көл-көсір ырысын біз келешекте көреміз. Халқымыз «көре тұра айтпаған — көргенсіз, біле тұра айтпаған — жетесіз» дейді. Жұмыс барысымен өңірге ауық-ауық сапарға шығып, ауыл-аймақтарды көп аралаймыз, мектептерге барып, мұғалімдермен пікір алысамыз. Олардың көпшілігі білім саласында жүріп жатқан толассыз өзгерістерге көңілі толмайтындығын айтады. Осы кезге дейін білім саласында біз еліктемеген ел қалмаған шығар. Бірақ олар қоғамға қажет пе, мүддемізге сай ма дегенге бас ауыртпадық. «Оймақ пішсең де, ойлап пішуді» естен шығардық. Нәтижесінде тәуелсіздік жылдарында ең көп реформаға ұшыраған сала — білім саласы болды. Мысалы, соңғы бес жыл ішінде білім туралы заңға 29 рет өзгерту мен толықтыру енгізіліпті. Осылайша өзгеріс енгізуде алдымызға жан салмадық. Мемлекеттік білім беру стандарты 2000-2017 жылдар аралығында 7 рет өзгертілді. 17 жылдың ішінде 7 рет! Әрбір өзгеріс сайын оқулықтың мазмұны жаңарып, қыруар қаржы жұмсалып, жанадан оқулықтар басылып жатады.

Jas qazaq: Өзіңіз айтпақшы, білім туралы заңға 17 жылдың ішінде бір емес, жеті мәрте өзгертудің залалы ең алдымен оқушыларға тимей ме?

Мұрат Бақтиярұлы: Тигенде де ондырмайды. Дамыған елдерде, оның ішінде Жапонияда мемлекеттік білім беру стандарты бірнеше жыл талқыланып, соңғы рет 2010 жылы өзгертіліп, осы кезге дейін өзгеріске түскен жоқ. Көрдіңіз бе, жапондар қандай әдіске барды. Өзгерту мен толықтыруды төпелеп енгізе берген жоқ. Әбден иін қандыра илеп, пісіп-жетілген, талқыдан өткен өзгертуді ғана енгізді.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

ҚҰРМЕТТІҢ ЕРТЕ-КЕШІ ЖОҚ

Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Тиісті Жарлыққа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды.

Жарлықта былай делінген: «Қазақ халқының музыка өнерін дамытудағы айрықша еңбегі үшін композитор Шәмші Қалдаяқовқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені марқұмның туыстарына тапсырылсын».



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
118,37

DOLLAR
441

EURO
460,5

РУБЛЬ
7





168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ҚҰРЫЛТАЙ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы болды. «Қазақпарат» агенттігі хабарлағандай, алқалы жиын араға ширек ғасыр салып облыс мәртебесін қайта алған Ұлытау өңірінде өткізілді. Ұлттық құрылтайды сөз сөйлеп ашқан Мемлекет басшысы жалпыұлттық референдумның табысты өткенін атап көрсетті.

Азия мемлекеттері бар». Президент осыған дейін Қазақстан Республикасы атауымен өз тарихындағы маңызды келісімдерге қол қойғанын еске салды. «Ең басты мәселе — біз тәуелсіз еліміз Қазақстан Республикасы атынан 30 жыл ішінде көптеген халықаралық келісімшарттарға қол қойдық. Мемлекеттік шекарамызды бекіттік. Осындай жағдайда мемлекетіміздің атауын өзгерту жауапсыз шешім болар еді. Бұл, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздігімізге және халқымыздың бейбіт өміріне тікелей әсері бар өте маңызды мәселе», — деді Мемлекет басшысы.

құрылтайдың орны бір бөлек. Бұл жерде халықтың үні естілді тиіс. Кез келген адамды құрылтайға қатыстыруға болмайды. Жұрттың мұн-мұқтажын, талап-тілегін жеткізетін азаматтар бас қосуы керек. Бұл ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына кәміл сенемін», — деді Мемлекет басшысы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтару жөніндегі ұсынысын айтты: «Қазанның жиырма бесінде жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЛЫТАУ

«Азаматтарымыз шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертенгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты», — деді Президент.

Мемлекет басшысы Ұлытаудағы Ұлттық құрылтай неге шақырылғанын түсіндірді. «Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл — бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім», — деп, құрылтай шақыру ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін еске салды. «Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір токтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің ресми атауын өзгертуге қатысты былай деді: «Стан» сөзін елімізге де, бүкіл Азияға да жат ұғым деп санайды. Мұны қисынды деп айтуға болмайды. Себебі әлемде дәл осындай Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан және Орталық

Президент атап өткендей, дербес облыс мәртебесі Ұлытау аймағын тың серпінмен дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқаты жақсара түседі. Жаңа нысандар, солардың ішінде әлеуметтік кешендер бой көтеріп, туристік әлеуеті артуы тиіс.

«Облыстың алғашқы қадамы алқалы жиыннан басталды. Ұлт ұясы Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты. Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам бар. Құрылтайға барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдері қатысып отыр. Біз көпті көрген ел ағаларының ақыл-көнесіне жүгінеміз. Белсенді азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесін ескереміз. Жанаша ойлатын жастардың тың идеяларын қолдаймыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Мен Ұлттық құрылтай атына заты сай болып, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Бізде түрлі пікірталас алаңдары бар, бірақ

ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталды. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек».

Ұлттық құрылтайдың қазіргі құрамында ақын Мұхтар Шаханов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, академик Асқар Жұмаділдаев, экономист Жаксыбек Күлекеев, саясаткер Әлихан Бәйменов және тағы басқа танымал тұлғалар бар.

Талап ТІЛЕГЕН

Баға

(Басы 1-бетте)

АЛМАТЫДА ҚАНТ БАР, БІРАҚ ҚЫМБАТ

Қант қымбаттайды дегенді естіген жұрт ала дорбасын арқалап, сауда орындарында сап түзеп кезекке тұруға мәжбүр. Онда да бір адамға бес көліден артық бөрілмейді. Бір ғана Алматының өзінде құмшекердің бағасы әр түрлі. Базарда бағасы шарықтаған шекер қалтаңызға кәдімгідей салмақ түсіреді.

Өткен айдың ортасынан бері «қант жоқ», «бағасы шарықтап тұр» деген даурығу басылудың орнына үдеп барады. Емен есіктің арғы жағындағы ақ жағалылардың арасынан алғаш болып осы мәселеге үн қатқан ауыл шаруашылығы министрлігі қант тапшылығын жоққа шығарып еді. Алматы әкімдігі де қалада қант тапшылығы туындағанын өтірікке балап отыр. Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы берген дерекке сүйенсек, Алматыға күн сайын 300-500 тонна аралығында қант жеткізіледі. Басқарма қант қоры жеткілікті дегенімен, халық «дүкенде қант жоқ» деп шулайды. Кімге сенеміз?

Қант тапшылығын өз көзімізбен көру үшін қаланы аралап, дүкен сөрелерінен шекер іздеген тұрғындардың пікірін білдік.

Назира КЕНЕНБАЕВА,

Алматы қаласының тұрғыны:

«Шекерді күнделікті шайға пайдаланбасақ та, түрлі тәттілер, тоқаш пісіруге қосамыз. «Қасқалдақтың қанына» айналып тұрғанында көбірек сатып алған едік. Туған-туыс, көршілеріміздің қант таппай Талдықорғаннан алдыртқанын да көріп жүрміз. Бағасы дүкендерде шарықтап тұр. Сондықтан қант тапшылығы жоқ дегенге сенбейміз».



Руфина ИМАНБАКИЕВА,

қала тұрғыны:

«Алматының Алатау ауданына қарасты Қарасу шағынауданында тұрамын. Үйдің жанындағы дүкенге күнде барам, бірақ қант жоқ. Жақын маңдағы сауда орталығына да соқтым, дәл осы кеп. Олар да жоқ деп отыр. Бала-шаға кішкентай болғаннан кейін шекер үзілмеуі керек. Алдағы уақытта мұндай тапшылық бола берсе, балкім, қанттың дәмін де ұмытатын шығармыз».

Қант тапшылығының ақ-қарасын анықтау үшін біраз сауда дүкенін бақыладық. Үш күн бойы Magnum, Small секілді сауда желілерін, үй жанындағы ұсақ дүкендер мен базарларды байқап, бағаларын салыстырдық. Айтқандай-ақ, бір келі қант іздеп біраз сандаласыз. Кірген 7 азық-түлік дүкеніміздің бірінен ғана құмшекер таптық. Бағасы — 890 теңге. Ал «Көк базарды» шарлап жүріп тапқан шекердің келісі 750-800 теңге аралығында. Small сауда желісінде, тіпті де таба алмадық. Сатушылардан сұрап едік, «кеше келген қантты өзіміз де алып үлгере алмай қалдық» деді.

Қала бойынша қантты ең арзан бағамен сатып отырған Magnum сауда желісінің бірнешеуіне бас сұқтық. Magnum express дүкенінде бір келісі — 445 теңге. Таразының жанында «Бір қолға 5 келіден артық қант берілмейді» деген ескерту ілініп тұр. Қызметкерлердің айтуынша, сауда желісіне жеткізілген 10 тоннадан астам құмшекер 1-2 күнде өтіп кетеді екен. «Арыстан» базарында қанттың бір келісін 700-750 теңгеден, ал «Метро» дүкенінде 599 теңгеден сатып алуға болады.

Айшат НАҚА,

Тұран университетінің 2-курс студенті

Аптаның алаңы



Бекболат ОРЫНБЕКОВ,
Сенат депутаты:

«Мемлекеттік нысандар арзандатылған бағамен жекешелендіріліп жатыр.

Есеп комитетінің дерегіне сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша құны нарықтық бағадан 21 пайызға төмен 218 нысан сатылды.

Нарықтағы құны — 74,3 млрд теңге, сату құны — 59 млрд теңге. Бірқатар өңірлер бойынша сату құнын айтарлықтай төмендету фактілері байқалады. Мәселен, Жамбыл облысында нарықтағы құны мен сату құны арасындағы айырмашылық 15 есе. Алматы қаласы бойынша — 3,2 есе, Алматы облысы бойынша — 2,4 есе».

Аптаның айтары

Өмірзақ ШӨКЕЕВ,
Түркістан облысының әкімі:

«Біздің облыста халық көп, 2 миллионнан асады. Көпбалалы аналардың үштен бірі — Түркістан облысында. Адам басына шаққанда табыс аз болып көрінеді. Бұл әділ баға емес. Сондықтан Түркістан өңірінің халқы «кедей» деген сөзбен келіспеймін».



Кесте

ИНТЕРНЕТ-САУДА (2021 жыл, теңге)



Алматы	272,8 млрд
Нұр-Сұлтан	49,2 млрд
Шымкент	29,5 млрд
Қызылорда облысы	1,3 млрд
Маңғыстау облысы	2,2 млрд
Түркістан облысы	3,8 млрд
Барлығы	482 млрд

ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛЫНҒАН ТАУАРЛАР



Тұрмыстық техника	60,9 млрд
Косметикалық тауарлар	54,6 млрд
Компьютерлік техника	53,9 млрд
Автокөлік бөлшектері	32,9 млрд
Құрылыс материалдары	30,3 млрд
Зергерлік бұйымдар	3,1 млрд

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Орта мектептерде жанартылған білім беру бағдарламасын жасауда тым асығыстықпен андағайлап алға ұмтылдык. Айналырған төрт жыл ішінде 3,5 млн оқушыға білім беру реформасын жасап тастап, мектепті шексіз реформалардың тәжірибелік алаңына айналдырдық. Бірақ реформалардың нәтижесі мен олардың қандай деңгейде білім алғандарына ешкім жауап берген емес. Соңғы 30 жылда Қазақстанның білім беру жүйесінде 10 миллион адам білім алған екен. Осы тұста біз тұлға қалыптастырушы орта мектептерге ерекше назар аударуымыз керек еді. Өйткені жана ұрпақтың өзіне деген сенімінің төмендігіне, маман, тұлға ретінде тиісті дәрежеде қалыптаса алмауының салдары мен қайшылықтарына біз де жауаптымыз. Бір-бірінен алшақ әлеуметтік топтардың болуы, олардың бір-біріне ашық қарсы шығуы, қатыгездік пен озбырлыққа баруының түп-тамыры білімде жатыр. Себебі, шын мәніндегі, сапалы білімге қолы жететін орта бізде жеткіліксіз. Әлемдік банк зерттеуі бойынша, елдегі оқушылардың 1 пайызы ғана сапалы білім алып жатыр. Оқушыларымыздың басым бөлігінің тандау жасауға мүмкіндігі жоқ.

Jas qazaq: Таңдау жасағаны былай тұрсын, үш ауысыммен оқитын мектепке әрөн ілігеді ғой.

Мұрат Бактиярұлы: Дұрыс айтасыз, оқушылардың көпшілігі негізінен екі не үш ауысымдық мектептерде білім алып келеді.

үш мың мектеп салынуы қажет. Тағы да сол әлемдік банктің зерттеуіне сүйеніп айтар болсақ, бүгінде еліміздегі адами капитал индексі 63 пайыз. Бұл индекс бала туғанынан бастап 18 жасқа дейінгі қалыптастырылуы тиіс оқушылардың қабілеттері мен дағдыларының жиынтығы. Біздің білім жүйесі осылардың 63 пайызын беріп отыр. Осыған қарап-ақ



Тағы бір үлкен мәселе — үш тілді қатар оқытумен байланысты. Жақсы, сапалы білімге ауылдың да, қаланың да баласының қолы жетімді болуы тиіс.

Jas qazaq: Тіл демекші, сөзіңізді бөлейін, ендігі жылдан бастап балаларға 1-сыныптан шет тілін оқытпайтын болды. Сіз бұл мәселені бұған дейін де айтқан едіңіз.

сыныптан бастап шет тілін оқытуды 5 мемлекет қолданады, 4-ші сыныптан өзге тілді меңгеруге 12 елде ғана мүмкіндік бар. Ал Қазақстаннан басқа әлемнің бірде-бір мемлекетінде үш тіл мүлдем оқытылмайды. Демек шет тілін білу сауатты болудың басты көрсеткіші емес, ол әлемдік білім-ғылымның биігін игеру үшін қажет құрал ғана. Ал шынайы сауаттылық — өзі таңдаған кәсіпті терең игеру әрі өмірдің сұранысына жауап беретін дағдылар мен қабілетін қалыптастыру. Бұл — әр ұлттың өзінің ұлттық тілімен ғана қалыптасатын өнеге. Сондықтан да ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «шет тілін оқытуды ата-аналардың қалауымен 5-ші сыныптан бастау орынды, әрі тиімді болады» деген өз пікірі орынды. Біз алдағы уақытта балабақшалар мен бастауыш сыныптардағы барлық пәндер тек ана тілінде оқытылуын қолға алуымыз керек.

Jas qazaq: Министрлік екіге бөлінді. Президент Жарлығымен бұдан былай мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқығы сынды жауапкершілікті оқу-ағарту министрлігі арқаламақ. Ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылымның сапасын арттыру, жоғары білім беруді цифрландыру секілді өкілеттіліктер енді ғылым және жоғары білім министрлігіне жүктеледі.

Мұрат Бактиярұлы: Жуырда ғана екіге бөлінген, бұрынғы білім және ғылым министрлігі жазған қазіргі ережеге сай 200-ден астам қызмет түрлерін көрсетіп келеді. Атап айтқанда, 900 мың бұлдіршіні бар — 10 300 балабақша, 3,5 млн оқушы оқитын — 7 500 орта мектеп, 500 мың контингенті бар — 820 колледж, 600 мың студенті бар — 120 жоғары оқу орны жұмыс істейді. 120 жоғары оқу орны дегеніңіз, бізге көптеу, тым болмаса, 80 жоғары оқу орны жеткілікті болар еді. Жоғары оқу орындарының ректорын тағайындауды министр емес, ұжымның өзі сайлау арқылы анықтайтын жүйені енгізу қажет. Бізде керек десен, проректордың өзі министрдің пәрмені арқылы іске асады.

Жоғары білім беру дегеннен шығады, бізге жарты миллионнан астам мұғалім дайындауда талапты күшейтіп, санға емес, сапаға жұмыс істейтін кез әлдеқашан туды. Біз бір министрлікке өте үлкен салмақ салып келді. Енді жұмыс жеңілдеуі тиіс. Мектеп оқушыларының сапалы білім алуы кадрлардың біліктілігіне тікелей байланысты. Сондықтан бәсекелестікті күшейту керек. Жоғары оқу орындарының саны көп болғанымен, білімді маманға деген зәрулік әлі де күшінде тұр. Тағы бір қабылдауына сыймайтын нәрсе — жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың, әсіресе, педагогтерді даярлайтын мамандардың айлық еңбекақысы мектеп мұғалімдерінен әлдеқайда төмен. Бұл — абсурд. Мектеп мұғалімдерін даярлайтын оқытушылар өздерінің оқытып, баулып баптаған шәкірттерінен тым аз жалақыға жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы айтқандай, министрліктің басқару жүйесін онтайландыру жолдарын қарастырып, оң шешім қабылданды деп санаймын. Дамыған елдерде тәжірибе сондай. Қоғамдағы көп күрделі мәселенің тамыры білім саласында екенін негіздей отырып, жана әрі әділетті қоғам құру да бірінші кезекте білімді және саналы ұрпақ тәрбиелеуден басталатынын айтқым келеді. Білім саласындағы реформа үшін жасалатын реформа емес, баршаға тең мүмкіндік беретін, осы елдің азаматы ретінде ойлауға және әрекет етуге дайын болатын ұлттық мүддені кішкентай кезінен санасына сіңіріп өсетін азаматтар тәрбиелейтін білім жүйесін қалыптастыруымыз керек.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:

БІЛІМ САЛАСЫНДА БІЗ ЕЛІКТЕМЕГЕН ЕЛ ЖОҚ



Солай оқуға мәжбүр, себебі мектеп жетіспейді. Оның үстіне, соңғы үш жыл ішінде елімізде 1 млн 277 мың саби дүниеге келді. Бұл білім саласына түсіп тұрған үлкен демографиялық салмақ. Олар үшін келешекте кем дегенде

білім саласына қыруар қаржы бөлінгенмен көптеген білім алушылардың алған білімі біліктілікке айналмай жатқандығын көрсетеді.

Бізге білім берудегі теңсіздік пен алшақтық қаржыландыру саласында да, қала мен ауыл мектептерінің арасындағы арасалмақ айтарлықтай үлкен. Мысалы, Назарбаев зияткерлік мектебі мен қарапайым мектеп арасындағы қаржыландыру айырмасы 6 есе болса, еліміздегі оқушылардың 44 пайызын құрайтын ауыл мектептерінде оқитын оқушыға Назарбаев зияткерлік мектебі оқушысының білім деңгейіне жетіп алу үшін 6 жыл уақытын сарп етуі керек.

Мұрат Бактиярұлы: Мен бұл мәселені бұрын да айтқам, әлі де айтамын. Жалпы менің ұғымымда бала бастауыш сыныпта тек өзінің ана тілінде білім алуы керек. 5-сыныптан бастап қандай тілге қызығалы, соған қарай бейімдеу қажет. Менің жеке пікірім, орыс тілінен гөрі, әлемдік тіл саналатын ағылшын тіліне көп көңіл бөлуіміз қажет. Орыс тілінің аясы соншалықты ауқымды емес, ал ағылшын тіліне деген сұраныс күн санап артып барады. Сонымен қатар мектеп бағдарламасында орыс әдебиеті, одан сырт шетел әдебиеті де арнайы пән есебінде оқытылады. Менің ұсынысым, орыс әдебиетін шетел әдебиеті пәніне қосып, біріктіру қажет. Орыс әдебиеті де шетел әдебиеті болып саналады емес пе.

Жастарымыздың ағылшын тілін оқып үйренуі — заман талабы. Ағылшын тілін білу, оны терең игеру еліміздегі 3,5 миллион оқушының барлығына бірдей қажет пе? Балабақшадағы, бірінші сыныптағы ойлау жүйесі әлі толық жетіліп қалыптаспаған қазақ сөбилеріне бірден үш тілді оқытудың қандай қажеттілігі бар? Ғылымы мен білімі жоғары Жапония, Финляндия, Франция, Қытай 10 жасқа дейін балаларын өзге тілде неге оқытпайды? Әлемнің ең озық, дамыған елдердің көш бастаушы 30 мемлекеттің бастауыш сыныптарында қанша тіл оқытатынын зерттеп қараңыз, қайран қаласыз. Екі тіл — 1-ші сыныпта төрт елде ғана, 2-ші

Безбен

Елімізде иесіз ит-мысықты атуға, аулауға заңмен тыйым салынған. Көшеде қаңғып жүрген бұралқыларды бұрынғыдай құрық салып ұстауға немесе ұйықтататын дәрімен есінен тандыруға болмайды. Себебі Еуропаға өліктөп, мақұлықтарға мәртебе берілді. Кесірін өнді көріп жатырмыз.

1-2 ит жүргенде әкімдікке де, бөріне хабарладық. Неге осындай болғанына таң қаламыз», — дейді.

Осы оқиғадан кейін Ақтөбеде ата-аналар жануарларды қорғау туралы заңның күшін жоюды талап етті. «Шала әзірленген құқықтық құжаттың кесірінен балаларымыз бұралқы

жеті қазынанан бірі. Бірақ қандай да бір мақұлық адам өміріне қауіп төндіретін болса, оны өлтіруге болады. Бөрінен сұрап барып, заңды шығару керек», — деген пікірде.

Белсенді ата-аналардың сұрауы бойынша Мадияр оқыған мектепте мұғалімдерге арналған оқу жылы

күні киген киімі мен заттарын ала келген. Ит талаған Алтынгүлдің қызы ауруханадан шығыпты. Бірақ қатты шошынып қалған.

Иесіз иттердің қаптап кеткенін шенеуніктер жануарларды қорғау туралы жана заңнан көреді. «Соның кесірінен бұралқыларды аулай алмай

Оңдасын ОРАЗАЛИН,
Ақтөбе облысының әкімі:

— *Үш аптаның ішінде қаңғып жүрген иттердің бәрін аулап, сол жетексізін орынға жеткізсін деп тапсырма бергенмін. Бұған қаражат мәселесі кедергі келтірмейді. Оның бәрі бізде бюджетте қарастырылған. Тек заңның күшіне енгенін күту осындай жағдайға апарады.*

Қаңғыбастардың қаптауы қоғамға қауіпті екенін депутаттар да енді түсінген сынайлы. Мәжілісмендер бұралқы иттердің көшеде жайбарақат жүруін қадағаламаған шенеуніктерді жауапқа тартуды талап етті.

Сергей СИМОНОВ,
Мәжіліс депутаты:

— *«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң күшіне енгеннен кейінгі соңғы үш жарым айда бірнеше бала өліп, ауыр жарақат алды. Депутаттардың өңірлерге сапары кезінде тұрғындардан және әсергілікті атқарушы органдардан иттер мәселесіне, қабылданған заңды жүзеге асыру тетігінің жоқтығына қатысты шағымдар түсті. Біз Заң күшіне енбей тұрып дабыл қаға бастадық. Жүзеге асыру механизмдері мен тиісті қаржыландыру болмаған жағдайда проблемалардың туындайтыны бәріне белгілі.*

Мәжіліс депутаты қанғыбас иттер мәселесіне байланысты экология, ауыл шаруашылығы министрліктеріне сауал да жолдаған. Алайда мардымды жауап ала алмапты. Оның ұсынысы бойынша, жануарларға қатысты заңды жүзеге асыру үшін құқықтық актілерді тезірек қабылдап, ондағы талаптарды орындау бойынша шаралар әзірлеу керек. Сондай-ақ бұралқы иттерді аулауға қаражат бөлініп, ал оларға бас-кез болмаған шенеуніктер жауапқа тартылуы тиіс. Еске салайық, биыл наурыз айынан бастап Қазақстанда иесіз жүрген иттерді атуға, қинауға, аулауға тыйым салынған.

Диас НҰРАҚЫН

иттерге таланып жатыр. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау» туралы заң қоғамдық талқылауға түспей, тек еріктілердің сөзінен кейін қабылданып кетті», — дейді.

Ақтөбе қаласының тұрғыны Индира Асылбекқызы: «Зоокорғаушыларға айтарым: ит —

соңындағы педагогикалық кеңестің жоспары өзгертілді. Бұл жолы жылдағыдай оқушылардың оқу үлгерімі емес, бұралқы иттердің жайы талқыланды. Жиынға осыдан үш апта бұрын қызын ит талаған Алтынгүл Жарылғапова да келді. Ол бұралқы иттер баласына шапқан

келдік» деп ақталады. Бірақ адам өміріне қауіп төнгенде ит-мысықты өлтіруге рұқсат бары енді ғана естеріне түскен. Оқушының өлімінен соң ғана ветеринарлар иесіз иттерді аулауға кірісті. Қаңғыбастардың көзін жоюға облыс әкімі Оңдасын Оразалин тапсырма беріпті.



MEGAPOLIS

Шымкентте жұмыссыздық мәселесі біртіндеп шешімін тауып келеді. Бұл мәселені оңтайлы шешу мақсатында айына бірнеше мәрте бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізіліп жүр. Сондай-ақ қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты арнайы әлеуметтік орталықтар аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау көрсетумен айналысады.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Балмаржан Нарбекова әлеуметтік саладағы соңғы жаңалықтармен бөлісті.

Балмаржан НАРБЕКОВА, Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы:

АРНАЙЫ ОРТАЛЫҚТАР ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Jas qazaq: Балмаржан Полатқызы, әлеуметтің әлеуетін көтеру, бұқараны жұмыспен қамту мақсатында неңдей жұмыстар атқарып жатырсыздар?

Б.Нарбекова: Қала күніне орай «Арбат» алаңында жұмыссыз азаматтарға арналған «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындары жәрменкесі өтті. Аталған іс-шараға Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қатысты.

Жәрменкеде Шымкент қаласындағы 100-ге жуық жұмыс беруші мекеме қатысып, 5 мыңға жуық медициналық, техникалық және педагогикалық мамандықтары бойынша тұрақты және уақытша бос жұмыс орындары ұсынылды. Атап айтқанда, «Арт-құрылыс», «ҚазТрансАймақ», «Halyk Bank» АҚ, «Magnum Cash Satty», «Назар Текстиль» және қаладағы арнаулы экономикалық аймақтағы кәсіпорындар мен мектеп, балабақшалар.

Жәрменкеге қатысқан шаһар басшысы М.Әйтенов осындай шаралардың арқасында жұмыссыздықты азайтуға септігін тигізетінін сөз етті. Қала басшысы әлеуметтің әлеуетін көтеру, бұқараны жұмыспен қамту мақсатында елімізде көптеген бағдарлама қабылданып жатқанын айтты. Қазір кез келген мемлекеттің әлеуетін көрсететін, бәсекеге қабілеттілігін танытатын негізгі көрсеткіштердің бірі — сол елдегі әлеуметтік жағынан, сонымен бірге жұмыспен қамтылған халықтың үлесі. Бүгінгі қала тұрғындарына арналған бос жұмыс орындарының жәрменкесі жұмыс іздеп жүрген азаматтардың санын азайтып, жұмыссыздарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететін бірден-бір мүмкіндік.

Шара барысында қала тұрғындарына, халықтың осал топтарына да 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберіндегі «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны»,



саясаты ұлттық комиссиясының мүшесі, ҚХА жанындағы республикалық Аналар кеңесінің төрайымы, Премьер-Министр орынбасарының кеңесшісі Нәзипа Шанаи келіп кетті. Н.Ыдырысқызы «Бақытты жаңау орталығы» КММ жұмысымен танысты. Үкіметтің «Халықтың табысын арттыруының 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарында көрсетілгендей, әрбір өңірде отбасыларға көмек пен қолдау көрсетілетін орталықтардың ашылуы жөнінде тиісті тапсырмалардың орындалуы бойынша бірқатар жұмыстармен танысты.

Нәзипа Ыдырысқызы бастаған топ осы орталық арқылы көпбалалы аналарға көрсетілетін қызметтермен танысты. Жалпы орталықта түрлі бағыттар бойынша оқу курстары бар. Атап айтқанда, кондитерлік, компьютерлік сауаттылыққа үйрету, шаштараз, SMM, маникюр-педикюр, дефектолог-логопед тіл кемістігі бар балалардың аналарына тыныс алу және артикуляциялық жаттығуларын үйретеді. Мақсат — аз қамтамасыз етілген отбасылар мен көпбалалы аналарға қолдау көрсету. Жыл басынан бері 7 мыңға жуық азаматқа қызмет көрсетілді, яғни психологиялық, құқықтық кеңес берілді. Атаулы әлеуметтік көмекке құжат тапсыру, тұрғын үй кезегіне тұру, eqov.kz порталынан қызметтерін алу мәселелері бойынша көмек көрсету туралы тыныс-тіршілігімен танысып жұмысына оң баға берді.

Іс-сапар зейнеткерлерге қолдау көрсету мақсатында ашылған «Белсенді өмір сүру орталығында» жалғасты. Онда Шымкенттегі зейнеткерлерге арналған сауықтыру бағыттары — емдік массаж, психологиялық тренингтер, спортпен шұғылдануына жасалған мүмкіндіктерімен танысты. Сондай-ақ орталықта қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінген. Айта кетсек, мұнда күніне 4 сағат ақысыз жартылай

етілген, көпбалалы және ерекше бала тәрбиелеуші аналармен әлеуметтік мәселе төңірегінде кездесу өткізілді. Кездесу барысында Шымкент қаласы Қаратау аудандық әкімдігінің әлеуметтік қорғау, мәдени даму және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің маманы Аманкелді Мұхтар азаматтардың мәселелеріне қарай сұрағына жауап берді. Нәтижесінде 10 азаматша қабылдауда болды. Оның ішінде 7 азаматшаға ақпараттық көмектер көрсетілді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының 3 асын қайырымдылық көмек алушылар тізіміне енгізді.

«Бақытты жаңау» орталығы «КММ-нің психологтары аз қамтамасыз етілген, көпбалалы және ерекше бала тәрбиелеуші аналармен психологиялық тренинг өткізді.

Jas qazaq: Бұлардан бөлек, қаламызда көпбалалы аналар тігін тигуді тегін үйреніп жатқаны рас па?

Б.Нарбекова: Иә, рас. Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қарасты «Бақытты жаңау» орталығында көпбалалы аналар тігін ісін тегін меңгеруде. Өмірлік киын жағдайға ұшыраған аналарды қолдау орталығында арнайы шеберхана тігін машиналары және қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Қызмет алушылар құрақ көрпе, қыз жасауы мен сұранысқа сай сән үлгісіндегі киімдер және түрлі ою-өрнектер кестеленген қазакы нақыштағы тақияларды тігіп үйренуде. Оларға тігін ісін үйрететін шебердің бірі — Еркінай Көшкінова. Көпбалалы ананың асырауында 12 жастағы мүмкіндігі шектеулі перзенті бар. Ерекше ұлы ою-өрнектердің дизайнын компьютер арқылы әзірлеп береді.

Ол «Бақытты жаңау» орталығына жыл басында жұмысқа орналасты. Содан бері осында қыз-келіншектерге тігін тигуді үйретіп келеді. Кәсібі өзіне қатты ұнайды. Үйінде қысқа мерзімді кәсіптік оқу оқып, мемлекеттік грант қаржысына сатып алған тігін машинасы бар. Қосымша тапсырыстар қабылдайды. Ұлын да осы кәсіпке баулып жатыр. Адамда, ең бастысы, енбек етуге ниет болуы керек. Орталықтан әр қызмет алушының үміті ақталып, іс нәтижелі болуы тиіс деген мақсатпен жұмыс істеп жатырмыз.

Jas qazaq: Шымкент қаласындағы зейнеткерлерге арналған Белсенді өмір сүру әлеуметтік-медициналық орталығы жалғыздікті қарияларға күні бойы қызмет көрсете ме?

Б.Нарбекова: Иә, зейнеткерлерге арналған Белсенді өмір сүру әлеуметтік-медициналық орталығы жалғыздікті қарияларға күні бойы, 8 сағаттық күндізгі



стационарлық жағдайда сауықтыру шараларын көрсететін арнайы бөлімше.

Қазір Шымкент қаласында 83 928 зейнеткер бар, оның 568-і жалғыздікті қария. Жалғыздікті қарттарға арналған бөлім ашуды қала әкімі Мұрат Әйтенов өткен жылы орталықты аралау барысында тапсырған болатын. Қала әкімі бастамасымен ашылған бұл сауықтыру бөлімшеде дәрігерлік тексеру, фитобар, емдік массаж бен физиотерапия кабинеті мен тұз шахтасы, сурет салу, киш қолөнер шеберханасы мен енбек терапиясы секілді 27 сауықтыру қызмет түрі бар. 25 орынға лайықталған бөлімде 3 мезгіл ыстық тамақ та қаралған.

Қартайғанда қараусыз қалған қарияларымызға зор қамқорлық қажет. Онсыз да жалғыздық адам қанына бататыны анық. Бөлімшені ашудың мақсатымыз — оларға емдік-сауықтыру шараларын көрсету болатын. Орталық мамандары қарияларға барынша мейірімділікпен қарап, жоғары сапалы қызмет көрсетуі қажет.

Сауықтыру мекемесінде 300-ге жуық зейнеткерге күнделікті 2 ауысымда 4 сағаттық арнаулы әлеуметтік қызмет түрлері көрсетіледі. Күн тәртібі дәрігерлік тексеруден басталады. Қарияларға қызмет көрсету үшін кардиолог, терапевт, невропатолог және физиотерапевт дәрігерлері жұмылдырылған.

Бұл жерде емдік дене шынықтырудан бастап, йога, би, бильярд, үстел теннисі, тренажерлық жаттығулар да қамтылған. Қызмет алушылардың кино, сенсорлық бөлме, кітапханада демалуға мүмкіндіктері бар. Белсенді өмір сүру ұзақтығын қалыптастыру мақсатында дендросаябаққа, театр және спорт кешені мен бассейнге бару кестесі түзілген.

Осы орталық қызметін алуға ниеттенген зейнеткерлер қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына өтінім қалдыруы қажет. Әрі қарай кезектік негізде емдеу-сауықтыру іс-шараларымен қамтылады.

Jas qazaq: Өңгімізге рахмет!

Шымкентте «Қала күні» мерекесі қарсаңында «AZALA Textile» фабрикасы өндірісін кеңейтті. Өндіріс қуатының ұлғаюына қарай 100 жаңа жұмыс орны ашылды. Фабриканың салтанатты іс-шарасына қатысқан қала әкімі Мұрат Әйтенов басшылары мен қызметкерлерін алдағы мерекемен құттықтап, кәсіпорынға табыс пен өркендеуді тіледі.

«AZALA TEXTILE» ӨНДІРІС ҚУАТЫН ҰЛҒАЙТТЫ



«Баршаңызды келе жатқан қала күнімен құттықтаймын. Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда Шымкент қаласында қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бүгін шырайлы Шымкент қаласының күні қарсаңында «Azala Textile» фабрикасының тігін өндірісінің кеңейтілуіне байланысты салтанатты іс-шараға қатысып отырмыз.

Осы сәтті пайдалана отырып, кәсіпорын басшысына қаламыздың экономикасының дамуына қосып отырған үлесі үшін алғыс білдіріп, тағы да шын жүректен құттықтаймын», — деді қала әкімі.

«Azala Textile» ЖШС — Шымкент қаласындағы толық циклдегі жалғыз тоқыма комбинаты. Тігін өндірісін кеңейту үшін фабрикаға қосымша 200 млн теңге инвестиция құйылып, 80 жуық тігін машинасы орнатылған.

«Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақта орналасқан кәсіпорын тоқыма бұйымдары, медициналық төсек-жабдықтар мен отандық құрылыс компанияларының арнайы киімдерін өндіреді.

Фабрикада әскери киім тігуге арналған «Берік» атауымен белгілі болған мата әзірленіп, қазіргі уақытта халықаралық зияткерлік патенттеуден өтуде. Жанадан өндірілген мата (камуфляж) сапасы жағынан Ресей елінің маталарынан кем түспейді.

Қазіргі таңда «Azala Textile» фабрикасы ҚДС (мемлекеттік қорғаныс тапсырысы) бойынша Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарының киімдеріне арналған маталарды өндіретін еліміздегі жалғыз кәсіпорын.

ШЫМКЕНТ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАН КӨШ БАСТАДЫ

Бұл туралы ұлттық экономика министрі Ә.Қуантыров Үкімет отырысында айтты. Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен селекторлық жиынға қала әкімі Мұрат Әйтенов пен салалық басқарма басшылары қатысты.



Министр негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 2,5 пайызды құрағанын атап өтті. Инвестициялар білім беруіде — 71,7, мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қамсыздандыруда — 55,1, ғылым мен техникалық қызметте — 35,9, денсаулық сақтауда — 27,8, жылжымайтын мүлік операцияларында — 20,4, саудада — 13,9, құрылыс саласында 10,7 пайызға өсті. Өңірлер арасында ең жоғарғы көрсеткіш Шымкент және Алматы қалаларында, сондай-ақ Ақмола облысында байқалған.

Биылғы жылдың 5 айында Шымкент қаласының экономикасына 130,9 млрд теңге тартылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 28,6 пайызға артқан (2021 жыл қаңтар-мамыр — 96,9 млрд теңге). Шымкент осы көрсеткішпен елімізде инвестиция тартудан көш бастады.

Шаһарда 2021-2025 жылдар аралығында жүзеге асырылатын құны 2,7 трлн теңгеге 296 инвестициялық жобалардың базасы жасакталды. Осы жана бастамалар арқылы 20 мыңнан аса жұмыс орындары құрылмақ. Оның ішінде 2022 жылы құны 241 млрд теңгені құрайтын 65 инвестициялық жоба іске асырылып, 2500 жана жұмыс орны ашылуы жоспарланып отыр.

Сонымен бірге жалпы кәсіпкерлік қолдау картасы аясында биыл қалада 52,3 млрд теңгеге 16 жоба іске асырылып, 1 043 жұмыс орны құрылады.

Шымкенттің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін кәсіпкерлер мен инвесторларға «бір терезе» қағидаымен «Бизнеске арналған үкімет — Shymkent Invest» фронт-кенесі жұмыс істейді. Мекеме кеңес беру, мемлекеттік қызметтерді көрсету, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға сүйемдеу және инвесторларға жолығатын шектеулерді жоюға көмектеседі.

Ал инвестициялық жобаларға мониторинг жасап, мәселелерін шешу және қаланың жаппай инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында Шымкент қаласы әкімдігі жанындағы инвестициялар тарту мәселелері жөніндегі штаб құрылған. Апта сайын өтетін штаб отырысында қала әкімі Мұрат Әйтенов инвестициялық жоба бойынша жауаптыларға тапсырмалар жүктеп, олардың орындалуы тұрақты бақылауға алған.

Жүйеленген жұмыс нәтижесінде 4 өнеркәсіп аймағында 294,5 млрд теңгеге 191 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан астам жана жұмыс орны құрылуда. Соның ішінде қазір 161,8 млрд теңгеге 8,1 мыңға жуық жұмыс орнымен 128 жоба іске асырылған.



«Ұрпақтар келісімшарты», «Күміс жас» және т.б. уақытша жұмыс орындары ұсынылды. Сондай-ақ жұмыс іздеушілерге қызмет көрсету бұрыштары орнатылып, онда жас мамандарға түйіндемелер, психологиялық көмек және өзге мәселелер бойынша кеңес берілді. Сонымен қатар солтүстік өңірлерге қоныс аудару бойынша әр өңірдің өкілдері қала азаматтарын ақпараттандырды.

Жалпы, жыл басынан бері Ұлттық жоба шеңберінде 7 мыңнан астам қала тұрғыны жұмыспен қамту шараларына қатысты. Оның ішінде жұмыспен қамтылған жастардың қатарында 991-і жастар практикасы, ал 160-ы алғашқы жұмыс орны жобасына қатысып, 100-ден аса азамат әлеуметтік жұмыс орындарына орналасты. Ал 226 тұрғын жана бизнес идеяларды жүзеге асыруға бағытталған қайтарымсыз мемлекеттік грантка ие болды.

Jas qazaq: Жуырда Премьер-Министр орынбасарының кеңесшісі Нәзипа Шанаи үшінші мегаполиске арнайы ат басын бұрғанын естідік. Жұмыс сапары барысында шымшаһардың әлеуметтік саласына қандай баға берді екен?

Б.Нарбекова: Иә, өткен аптада Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демография

Бетті дайындаған Мөлдір КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Жолсапар

Күллі дүние бұл елді Грекия, халқын гректер деп атайды. Ал тұрғылықты жұрт өзін эллиндер дейді. Жуырда бізге осы Эллада елін көріп қайту бақыты бұйырды. Өткен жолы жазғанбыз («Көттік... Критке!», *Jas qazaq*, №22), тағы да еске сала кетейік: Air Astana әуе компаниясы Алматы – Ираклион бағытында жаңа рейс ашты. Енді жаз маусымында (қыркүйекті қосқанда) ешқайда аялдамай, Крит аралына тікелей ұшып бара аласыз. Әуе сапары аптасына үш рет орындалады.

Жағасын үш теңіздің толқыны шайып жатқан Критте не кереметтің бәрі бар. Мұнда, әсіресе, жағажай

соғыста гректер жеңіске жеткеннен кейін де түріктер аралдан шықпай қояды. Оларды қуу үшін 1903 жылы бұл жерге алапеспен ауыратындарды алып келеді. Жолбастаушы Елена әңгіменің майын тамызады. Византиялықтардың қамалды қалай тұрғызғанын, түріктер билеген заманда аралдың гүлденген дәуірді бастан кешіргенін тәптіштеп баяндайды. ХХ ғасырдың басында лепраға шалдыққандардың осы жерге қуылғанын айтқан кезде дауысы дірілдеп кетеді. – Науқастарды суы жоқ аралға әкелгеніне таң қаламын, – дейді. – Тамақ жетпейтін. Теңіз кірпікшешенін аулап, мына өсіп тұрған кактустың жемісін жеп, жан бағатын. Сенсацияға құмартқан жұрт Спиналонганың көне шежіресінен гөрі ХХ ғасырдағы лепрозорий туралы көбірек білгісі келеді. Содан да болар, жолсапар жазып жүрген журналист Виктория Хислоптың 2005 жылы «Арал»

Санторинидің астында жанартау мүлгіп жатыр деген сөз. Бұл жолғы жолбастаушымыз Татьяна да сөзге ағып тұр. Паромнан түскен бетімізде «Алдымен Ойа, сосын Фираға барамыз!» деді алды-артымызға қаратпай. «Ия ма, Ойа ма?» деп сұраймыз. «Дұрысы Ойа, бірақ орысшалап Ия деп атап кеткен» деп түсіндіреді (*біз де Ия деуді жөн көрдік*). «Мұнда су емес шарап, үй емес шіркеу, еркек емес есек көп» деген әзіл бар. Неге олай дейтінін білесіздер ме?». «Неге?» дейміз жамырап. «Ияны аралап болған соң айтам» деп Татьяна үздіктіріп қойды. Ия – кішкентай қала. Жартасқа ендете салынып, бір-біріне жалғасқан аппақ үйлер алыстан қарағанда ойыншық сияқты. Кайта-кайта суретке түсіргін келеді. Әрі қалай түсірсен де әдемі шығады. Автобус Фираға бағыт алғанда манағы сөз еске түсіп, «есек неге көп» деп сұрады. «Өйткені қала көшелерінде автокөлік жүре алмайды. Сондықтан ауыр заттарды, құрылыс материалдарын есекпен тасиды», – деп жауап берді Татьяна. Шынында да, екі-үш есекті жолықтырдық, мәшине кездеспеді. Айтпақшы, Ия қаласында батар күнді қол шапалақтап



Radisson Blu Beach Resort 5* қонақ үйі



Ираклион. Күлес бекінісі



Ираклион. Морозини субұрқағы

демалысы дамыған. Бұл жағынан түріктің мақтаулы туризм бизнесімен бәсекеге түсе алады. Жағажай саны мен тазалығы жағынан Испания және Түркиямен бірге үздік үштікке кіреді. Демалыс орындарын шекесінен шертіп жүріп тандайсың. Арзаны да, қымбаты да бар.

Бұл жаққа туристер теңізге шомылу үшін ғана келмейді. Сәулет өнерінің ғасырдан ғасырға жеткен ғажап үлгілерін, тарихи ескерткіштер мен ежелгі грек мифологиясында сипатталған орындарды көргісі келеді. Критте бұқа басты Минотавр күзеткен Кнос сарайы, гректер «құдайлардың құдайы» деп құрмет тұтатын Зевстің үңгірі, қойнауына сан ғасырлық шежірені бүккен Спиналонга, сән-салтанат пен байлықтың символына айналған Санторини аралдары, түнгі ойын-сауықтың көрігін қыздыратын Херониссос қалашығы сияқты тартымды жерлер көп.

Оған гректердің қонақжайлығын қосыңыз. Туризмге арқа сүйейтін елде қызмет көрсету деңгейіне ерекше мән беретіні байқалады. Мұнда мезі қылатын жалпақшешейлік те, жақтырмай оскырыну да атымен жоқ.

Гректер – өте ұстамды халық. Күйгелектікке салынбайды. Шаруаны баппен тындырады. Тамақты да асықпай, шарабын сыздыктатып қойып, әңгіме-дүкен құрып ішеді. Гректер тамақ жағын қатырады. Таңсық теңіз өнімдерімен қоса, қазекеннің асқазанына жағатын дәмнің де түр-түрі табылады. Кей тәттісі түріктікіне ұқсас. Грек жерінде өсетін және біздің дүкендерде сатылатын зәйтүннің дәмін салыстырсақ, арасы жер мен көктей. Білетіндер ең жақсы зәйтүн майы Критте деседі. Оның қыздыруға болатын, болмайтын түрлері бар екен. Кез келген сатушы «Мынау шөп-шаламға, мынау тамақ жасауға арналған» деп жалықпай түсіндіріп береді.

Еуропаның өзге елдері сияқты емес, тіл жағынан да киналмайсың. Ағылшынша аз-маз білсең, соның өзі жетіп жатыр. Орыс тілінде сөйлейтіндер де табылады. Тобымызды алып жүрген жолбастаушылардың бәрі орысшаға судай. Кей мейрамханасында әр тағамның орысша атауы да жазылған.

Критте аралайтын тарихи орын көп. Жергілікті тұрғындар әзілдеп айтатындай, «әр бұтаны түртіп қалсаң, аңыз атып шығады». Сондықтан бір келгенде бүкіл аралды көріп шығу мүмкін емес. Жата-жастанып, асықпай аралаған дұрыс. Ол үшін барлық жағдай жасалған.

Туризмді дамыту жағын бізге гректерден үйрену керек сияқты. Мәселен, өзіміз көрген



Спиналонга аралындағы бекініс



Санторини. Ия көшесінде

романы жарық көргенде, Спиналонганы көргісі келетіндердің саны күрт артыпты. Осы шығарманың желісімен түсірілген сериал «отқа май құя түскен». Осылайша арал кітаптың, кітап аралдың атағын шығарды. Соңғы жылдары Спиналонга адам ең көп келетін



Санторини. Ойыншықтай Ия



Санторини астанасы – Фира



Ия қаласында есек көп



Спиналонга аралы



Санториниге осындай пароммен келдік

Спиналонга аралын алайық. Қай елде де ежелден сақталған тарихи орындар бар. Бірақ бәрінің бірдей атағы жер жарып, әйгілене бермейді.

Қазіргі Спиналонга аралының орнында өсіп-өркендеген Олус қаласы күшті жер сілкінуден кейін судың астына түсіп кеткен. Теңізге батпаған үстіңгі қабаты – бүгінгі Спиналонга. 15-ші ғасырда византиялықтар осы манда тұз өндірісін жолға қойып, аралда үлкен қамал тұрғызды. 18-ғасырдың басында түріктер Критті басып алған соң, арал солардың қолына өтеді. 1830 жылы тәуелсіздік үшін

Кнос сарайынан кейін екінші орында тұр. Жазда күніне 1200-1500 турист келіп кетеді. Құлазыған арал қазір айналасындағы елді мекендерді асырап отыр. Туристерді жеткізу үшін екі арада шағын қатерлер ойкастайды. Дәмнің түр-түрін ұсынатын таверналар бар. Кәдесый сататын сауда орындары жұмыс істеп тұр. Жұмыр басты пендеге әманды экзотика керек. Санторини де экзотикадан кенде емес. Негізгі ол арал емес, теңіздегі жанартау. 1570 жылы жанартау атқылаған кезде жартысын теңіз «жұтып» қойған. Сонда қазір

шығарып салатын дәстүр бар. Батып бара жатқан күннің шапағынан айнала ғажап бір түске енеді дейді. Біз оны көре алмадық. Сағат бестегі паромға үлгеруіміз керек. Санторинидің астанасы Фираның да көшелері тар. Жолға төселген тасын туристердің табаны жылтыратып тастаған ба, аяғын тайып кете береді. Бұл қалаға жер-жиһанның бай-бақуаттылары келгіш. Голливуд жұлдыздары, шоу-бизнесінің серкелері де анда-санда бас сұғып, аралдың мәртебесін асқақтата түседі. Жас жұбайлар некесін кидырып, бал айын өткізеді. Түнemelігі 400-

айға созылған құрылыс аяқталып, субұрқак тұрғындардың игілігіне беріледі. «25 август» көшесінде бір-біріне жалғасып, теңізге дейін созылып жатқан сауда орындары бар. Зәйтүн майы, бал, киім-кешек, аяқ киім дейсің бе, бәрі осы жерден табылады. Бағасы да қымбат емес. Қонақжай эллиндер елімен біз кимай қолтастық. Ясу, Крит! Біз әлі қайтып келеміз.

Гүлнар АХМЕТОВА,
Алматы – Ираклион – Алматы

RYQANIAT

Мерей

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында табиғи дарынымен, талантымен, қабілетімен қоғамдық ортада қайраткерлік, азаматтық, отаншылдық, еңбек сүйгіштік ұстанымен даралана танылып жүрген көрнекті тұлғалар тағылымы ұрпақтарымызды тәрбиелеуге, қалыптастыруға елеулі ықпал етуде. Осы орайда, біз қазақтың ұлттық мәдениетіне, әдебиетінің тарихына, ғылымына елеулі үлес қосып жүрген замандастарымызды ерекше ілітпатпен атаймыз.

Езінің білімімен, парасаттылығымен, ой-өрісінің ауқымдылығымен әдебиет дейтін киелі дүниенің ел игілігіне айналуына атсалысып жүрген топтың ішіндегі шоқтығы биік тұрған танымал тұлғалардың бірі- белгілі ғалым-әдебиетші, аудармашы, көсемсөз шебері, ұстаз филология ғылымдарының кандидаты, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы кафедрасының доценті Жолдасбек Ормаханұлы Мәмбетов. Ол осы күндері алпыс жасқа толып отыр. Әрине, бұл жас орда бұзар отыз, қамал алар қырық та емес, дегенменен өткеннің емес, жеткеннің тойы. Айналаң толып, өрісің

әдебиеттанудағы көрнекті ғалым ретіндегі еңбегі әдебиетші қауым мен ғылыми ортаға жақсы таныс. Ол туралы ғылыми талдау пікірлерді өзге әріптестері мерейтойлық мақалаларында жаза жатар.

Ал біз — «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» демекші, Жолдасбектің адами болмыс-бітімі



Алма апай Қыраубаева. Тобымыздың старостасы — Жолдасбек. Сабақтан себепсіз калуға жол бермейді. Барлық уақытта сабаққа кешікпей келіп, ұстаздарымыздың аузынан шыққанды қағып алып, жазып отырамыз. Сабақтан кейін ол кездегі Пушкин атындағы, қазіргі Ұлттық кітапханаға барып дайындалатын едік.

Бізге қазақ әдебиетінен көрнекті әдебиетші ғалымдар: З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Нұрғалиев, С.Ордалиев, С.Садырбаев. А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев, Ш.Ибраев, ал қазақ тілінен: М.Томанов, Т.Сайранбаев, Б.Сағындықов, С.Мырзабеков, А.Айғабылов, Ж.Түймебаев, Х.Кәрімов секілді ұстаздарымыз сабақ берді.

Жолдасбек досымыз өз ұстаздарына адал шәкірт бола білді. Ұлы ұстаздарының өнегесін көріп, тәлім-тәрбиесін алды. Зейнолла Қабдолов пен Тұрсынбек Кәкішевтің өнегесін алғанын, ғылымға бағыт сілттеп, нақты жолға салғанын Жөкең аузынан тастамай айтып жүреді. Өзінің бойындағы әдебиетшіге тән қасиет пен семсер сөз екпіні Қабдоловтың көрігінен шыққанын айғақтайды. Сөздің сұлуы мен жылуын, самал жел тербегендей сиқырлы сәтті, кейде дауыл соғып, теңіздің толқыны жағаға ұрғандай тебіреністі танытатын көркем шығарма кереметін ұқтырған ұстаздары оның піріне айналды. Бәріміздің ұстазымыз Зейнолла Қабдоловты өзінің туған әкесіндей құрметтеп, қасында жүрді. Өнегесін алды. Ұстазының әдебиеттегі таным мен талғам туралы ой ажарын бейнелей ашар сұлу сөзі арқылы бір-бірімен сырласа табысып, ықылас қоя тыңдаған талапты

кезде Киров атындағы филология факультетінде қатар оқып, білім алдық, бір жатақханада, бір бөлмеде тұрдық. Айырымас дос болдық. Бізге қарсы бөлмеде тұратын Атыраулың екі қызымен көңіл жарастырып, отбасын құрадық. Перзент сүйдік, әке атандық. Әлі күнге дейін біргеміз. Жолдас студент кезінен ұқыптылығымен, салмақтылығымен, талапшылдығымен танылды. Міне, содан бері менің білетінім — ол біліп сөйлейді, қытығына тиіп, ашығанда тіліп сөйлейді. Кейде амалсыз іштен тынып сөйлейді, бірақ оның біреуден ығып немесе бұғып сөйлегенін көрген емеспін. Не айтса да, қалай айтса да турасын айтады. Өзіндік ұстанымы, көзқарасынан ауытқымайды. Тұғырлы талант иесі Жолдасбек досымыздың өзіне тән тұрлаулы тұғырнамасы бар. Жолдастың жаймашуақ күлкісі, әріптестеріне, достарына деген адал сөзі, бауырмалдығы, керекті жерінде кесіп айтар мінезі өзіне жарасып тұрады. Өзім деген адамына ойып тұрып, көңіл төрінен орын береді. Мен жүрек талмасына ұшырап, ота жасатып сырқаттанғалы бері досынан гөрі бауырын өбектегендей болып, қамқорлық көрсетумен келеді. Достық пейілінен айныған емес.

Жолдас өзінің сүйікті жары Ағила екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Бұл күнде құдандалы болып, немерелерінің сүйікті ата-әжесі атанып, құт-береке қонған жарасымды жанұя.

Жолдас доспен арамызла берік байланыс, шынайы сыйластық бар. Бір-бірімізге достық сезім шуағын, жан жылуын сыйлауға тырысып келеміз. Өмір атты алып кемеде әрқайсысымыз

Зерделі ғалым, ұлағаттығ ретаз, адал дос

ұлғайып, шанырағың биіктеп, кереген кеңейіп, ірген қымталып, кемерінен асқан кеменгерліктің тойы. Айналасына байлығымен емес, байыптылығымен, ұлтжандылығымен, ақылымен, ұшқыр да ұтымды ойымен белгілі болған Жолдастың тойын бәріміз қуана тойлап жатырмыз. «Осы жұрт мен туралы не ойлайды екен», — деген сұрақ кез келген адамды үнемі мазалайтын болса, соның бірталайына осындай мерейтойлар кезінде жақсылы-жаманды жауап табары хак. Мен досымның ел алдындағы беделіне, азаматтығына сүйсініп, риза кейіппен отырмын. «Тайдың жүрісі, баланың жұмысы білінбейді», — дегендей алғашқы қаламын мектеп қабырғасында шәкірт тәрбиелеуден бастаған ұшқыр ойлы, ізденімпаз филолог бүгінде көрнекті ғалым, білікті ұстаз дәрежесіне жетті. Әріптестері мен шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленді, ыстық ықыласына ие болды. Өз замандастарының жаратылысы бөлек, жұлдызы жарық, табиғаты таза, өзгеше бітімді өкіліне айналды. Бүгінде алпыстың аскарына шығып отырған Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы ғалым Жолдасбек Ормаханұлының бар ғұмыры ұстаздық, ғалымдық жолдағы қажырлы еңбегімен біте қайнасқан жүйеде тұтастанып жатыр. Ұлттық

туралы ел не біледі деген мәселе төңірегінде ой қозғауды жөн көрдік. Адам өмірінің қызық та қимас кезеңі — жастық шақ десек, оның мерейлі де мерекелі, сәулемі сәттеріне студенттік өмірді жатқызуға әбден болар еді. Бұл тұс аңғал да, алансыз, албырт шақ, баға жетпес балдәурен кезең. Біз бір-бірімізді сол сағынышқа айналған, сырға толы, қызығы мен шыжығы мол студенттік кезден білеміз.

Өткен ғасырдың 1983 жылының күзінде есейіңкіреген қазақтың жиырма шақты қыз-жігіті Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің дайындық бөліміне оқуға түстік. Бәріміз әскерден келген немесе бірнеше жыл жұмыс істеп келгендерміз. Көпшілігіміз жүрек қалауымен әдебиетті жақсы көріп, «кітап ауруымен ауырғандар» едік. Біз өте тату, ұйымшыл, бүтін нанды бөліп жейтін достар болдық. Төлеубек Зайсанбаев, Орынбай Бекжанов, Серік Балшекеев, Баян Мұртазаева, Гаухар Жалғабая, Гүлшат Ахметалиева, Ағила Шүриева, Табиға Қайшыбекова, Дудариша Сартбева, Нұрлан Камиев секілді қыз-жігіттер бір топта оқыдық. Оқуға зарығып барып түскендіктен болар, сабақтан қалмаймыз. Тек, анда-санда жана салынып жатқан университет қалашығына сенбіліктерге барғанымыз болмаса. Кураторымыз қазақтың талантты ғалым қызы



шәкіртті, өз әлеміне баурап алып кете бергені сөзсіз. Ұстаз бен шәкірттің қатар жүруі қандай жарасымды. Ұстазының үмітін ақтады, жұмысын сәтті қорғады. Зейнолланың зерделісі атанды. Ұстазының мейірім шапағатына бөленді. Ұстазының да, өзінің де мерейін асырды. Өзінің өткір ойларымен, өзіндік қайталанбас соны пікірлерімен, тың тұжырымдарымен көп еңбек етіп көзге түсті. Аузы дуалы ағаларының назарына ілікті. Жолдас жайлы айтқан ағалық ақжайма пікірлерінің, ұстаздық ыстық ілтипаттарының, кіршіксіз таза пейілдерінің күпсі болдық, құлағымызбен естідік. Досымыз үшін қуанып, досымыз үшін марқайдық.

Біз Жолдасбек досым екеуіміз бір-бірімізді білгелі қырық жылға тақап қалыпты. Сөзіміздің басында айтқандай, өткен ғасырдың сонау 1983-1989 жылдары сол кездегі Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы әлі де солай, қазіргі Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (ол

өз бағытымызда аман-есен жүзіп келеміз. Қысқа ғұмыр, өлшеулі өмірде достық сезімімізге селкеу түсіп, арамыз алшақтамаса екен дейміз.

Сөздеріңді шәкірттерің сағынып отыратын, іздеп жүріп оқитын ұстаздық қызметіне, ой маржандарыңды тізген ғалымдық еңбегіне табыс тілейміз. Қанатың талмасын, өрісің тарылмасын, Жөке! Өндірте еңбектеніп, ой маржандарыңды тізіп, халқына тағылымды дүниелеріңді тарту ете бер! Ортан ортаймасын, баратын жолың алыстай берсін. Халқың қадіріне жетсін. Алпыстың ауласына ат шалдырып жатқан, алқынбай алшандап жеткен мерейтойың құтты болсын! Көңілің жеткен жерге, өмірің жетсін, дос!

Сәкен ТІЛЕУБАЕВ,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Жәдігер

Жаңа құрылған Абай облысының орталығы, тарихи шаһар, сәулетті Семейге ат шалдырып, табан тірейдін туристердің көпшілігі Абайдың әдеби-мемориалдық музейіне тоқтайды. Сыр пәрнесін басып қалсаң, хәкім Абайдың өмірінен сыр тарқатып, өзегінен орасан тарихты өрбітетін киелі орынға біз де тоқтап, аралап көрдік.

«Қалың елі мен қайран жұртының» қайғысы мен қуанышын, өкінішісі мен сүйінішін қатар ішкен акынның киелі жәдігері сақталған мекенге жазғы демалыстарын рухани баодан бастаған жеткіншектер де келіп аралап жүр екен. Қойнауына ғасырға татитын шөжірені сіңірген құнды жәдігерлерге қызыға қарап, тамсана таңырқайды. Бізді Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Мейрамгүл Қайрамбаева жылы ұшырай қарсы алды. «Жазға салым келушілердің де қатары артады, әсіресе, оқушылар», — деді күлімсіреп. Ішкі туризмді дамытуға таптырмайтын тетік — тарихи-мәдени орындар, арнайы ашылған мұражайлар ғой. Жарқыратып, жайнатып жұтындырып қойса, жақсыны көрмекке жұрт та ағылмай ма. 2020 жылы аталып өткен ұлы акынның 175 жылдық мерейтойының шарапатын көп көргені жөндеу жұмыстарынан, мұражай үйдің ішкі сән-салтанатынан айқын аңғарылып, көзіңнің сұғын суаралды.

Семей қаласындағы Қайым Мұхамедханов көшесінде орналасқан кешеннің ғимаратында Абайдың қырық күндік асы берілген. Бұл үйде заманында Бекбай Байсов тұрған. Абай өмірден өткен соң 40 күндік қалесін өткізуге осы Бекбайдың шаңырағы тандалады. 1940 жылы акынның 95 жылдығы аясында жазушы Мұхтар Әуезов музей ашу туралы ұсынысын емен есіктін арғы жағындағы ақ жағалылардың алдына көлденең тартады. Сол жылдың 16 қазан күні үкіметтің арнай қаулысы бекітіліп, Семей қаласындағы музей тамашалаушыларға мәдени мол мұраны тарту етуді бастады. 80 жылдан астам тарихы бар музей тек шығыста ғана емес, еліміздегі көлемі жағынан да, жәдігерлер құндылығы тұрасынан да елдегі ең үлкен қорық-мұражай болып саналады. Тек Абайдың отбасы, шығармашылығы ғана емес, ақынға шәкірт атанған қазақ әдебиетінің мен руханияты, мәдениетінің алыптарына арналған бір емес, 8 экспозиция бар. Бұл бөлімдердің кейбірі Семей қаласында, Абай, Үржар аудандарында орын тепкен. Сегіз экспозиция бар дедік қой, жалпы 1990 жылға дейін Семей қаласындағы осы орталық пен Жидебайдағы Абай музейі болды. 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде мерекеленуіне орай, дүбірлі той кезінде музейдің айналасындағы 6400 гектардан астам жер ерекше бақылау мен күтімге



СЕМЕЙГЕ БАРСАҢ, СОҚПАЙ КЕТПЕ

өтіп, қорық құрылды. Абайдың, Шәкәрімнің кесенесі, Абайдың музей үйі, Шәкәрім қажының қарашанырағы мен саят қорасының экспозициясы да қорыққа тиесілі болды.

Ұлы акынның мерейтойлары қарсанында музей кешенінің сән-салтанаты артып, мәртебесі асқақтай түседі. 2019 жылы Президент Қ.Тоқаев арнайы қаулы шығарып, акынның 175 жылдығына әзірлік қызу деңгейде жүргізілді. Тындырымды іс, тиянақты шаруаның атқарылғаны көзге ұрып тұр. Семейде Ахмет Ризаның медресесі болды. Ағаш бөренені киюластырып қиып салған білім ошағында кезінде Абай да оқып, молданың алдын көрген. Міне, осы медресені Абай музей кешенінің ауласына көшіріп әкелген.

Музей кешенінде Абайдың екі фотосы сақталған. 1896 жылы Ақылбай мен Тұрағұлы Абайды ортаға алып түскен сурет өте құнды жәдігер болып саналады. Семей қаласындағы Кузнецовтың бүгінгі ұғым, түсінікке қалыптап айтсақ, фотостудиясында арнайы фотосессия жасатқан. Екінші фото акынның өмірден өтерінен бір жыл бұрын, яғни 1903 жылы киіз үйдің ішінде отбасымен рәсімке түскен. Абайдың өмір сүрген дәуірі тым арыда емес, көптеген жәдігерлері сақталуы да тиіс екен. Бірақ оған сақтатпасы сақтатпады. Абайдың ұрпақтары қудалау мен қуғындауды, азаптауды да аз көрген жок.

Ақынның ұрпақтарына қоңырау ілініп, қудалауға ұшырағанда Абайдың тұтынған заттары мен басқа да құнды дүниелерін сақтау бұлай тұрсын, «байтал түгіл бас қайғы» заманды бастан өткерді. Екінші дүниежүзілік соғыс ақынның кіндігінен тарайтын ұрпақтарынан тоғыз адам атанып, тек екеуі ғана тірі қайтты. Бұл мұражай-кешенге келген адам Абайдың өз қолымен баласы Мағауияға жазған хатын да көреді. 1896 жылы ұлына арнайы хат жазады. Осы хаттың түпнұсқасын да осы жерден көресіз.



Н.Долгополов сол кездегі саясатқа салқын қарағаны үшін көзге түсіп Семейге жер аударылады. Ақынның елінде айыбын арқалап келген жанға Абай да қушағын жая қарсы алады. Абайдың орыстан шыққан досы Жидебайдан Семейге қайтқанда жаңадан құрылған өлкетану музейін 60-тан астам жәдігерді өзімен бірге ала кетеді. Кейін абайтанушы ғалым, ұлы акынның жоқшысы Қайым Мұхамедханов іздеу салып, тіпті арнайы мақала да жазып, іздегіріп, құнды жәдігерлердің жартысына жуығын ғана табады. Қалғаны «ұстағанның қолында, тістегенінің

ұртында» қыстырылып кете барған. Кезінде жоғарыда сөз еткен Ахмет Риза медресесінің шатырынан 250-ден астам кітап табылған. Осы кітаптардың барлығы дерлік Абай музейінде сақтаулы тұр. Медресе демекші, Абай тек Құран қатым ғана үйіреніп қоймай, анатомияны, есеп-қисапты (*математика*), риториканы, әлемнің тарихына қатысты оқулықтарды да ақтарып, білімге де сусындаған. Бұл кешенге келсеніз, Абайдың Мұқыр болысына 1893 жылы болыс болып сайлануы туралы бұйрықты да көресіз. Тарихи құжат архивте шаң тұтып жатқанда Абайдың Мұқырда мұқым елге билігін жүргізгеніне кейбіреулер күдік-күмән де келтіретін. Оған акынның жасы қырықтан асқаннан кейін шығармашылығына басым көңіл аударды деген пайымның да салмағы көбірек әсер етті. Архивтік құжаттарды көз майын жеп отырып, қараған ғалымдар осынау бұйрықты тауып, ғылыми айналымға енгізді. Әйтпесе, Абайдың әкесі Құнанбайға қатысты естелігінде де өзінің болыстыққа сайлануы ауыл ақсақалдарының ұсынысы негізінде іске асқанын айтады.

Бізді бастап жол көрсеткен Мейрамгүл Қайрамбаеваның 30 жылға жуық ғұмыры осы Абай музей кешенінде өтіп келеді. Қатардағы экскурсовод болып қызметке қабылданған маман кіші, аға ғылыми қызметкер, одан кейін музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметінде. Білікті маманның ғұмыры да ұлы акынның есімімен қабыса өрілгендей, Абай атындағы көшеде тұрған, жоғары оқу орны да Абай атындағы қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Қорық-музейдің құрамына қарайтын музейлердің кейбірі Семейден ымып шалғайда жатыр. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Маканшы ауылындағы Әсет Найманбайұлының музейі. Болмаса Абай ауданына қарайтын Құндыздыдағы халық акыны Шәкір Әбенұлының музейі де қашық жатыр. Музей-кешенге келіп, тамашалаушылардың қамы үшін осы шалғайдағы музейлердің көшпелі көресі де Семейдің төріне жиі әкелініп, көпшіліктің көзіайымына ұсынылады. Жолымыз түскен сапарда Әсет Найманбайұлының өнегелі өмірі мен отбасына қатысты құнды жәдігерлер де осы музейден орын теуіп, келушілер ұзақ аялдайтын бұрышқа айналған.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметовтың өндірістік өңір мәдениет пен руханияттың да ордасы екенін ойгілейтін істерді шама-шарқынша атқарып жатқанына көз жеткізіп, іштей көңіл тоғайтып аттандық. Ендеше, сіз де Семей топырағына табаныңыз тисе, Абайдың музей кешеніне соқпай кетпеңіз, мәртебелі оқырман.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
Семей қаласы

Әл Фараби бабамыз «Кез келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс-тіршілігіне қара» деген екен. Ал біздің жастарымыздың бет-бейнесі қандай? Мемлекетіміз жастарға барынша көңіл бөліп жатыр ма? Жастардың мәселесін шешудегі бағытымыз дұрыс па? Қазіргі жастарды не толғандырады? Осы сауалдарды саясаттанушы, «Құндылық пен тәрбие» қоғамдық қорының жетекшісі Талғат Жанысбайға қойып көрдік.



Jas qazaq: Талғат мырза, жастарға қатысты мәселелердің басы-қасында жүресіз. Қазіргі таңда жастар мәселесін шешуде жеткілікті жұмыс атқарып жатырмыз ба?

Т.Жанысбай: Бір қарағанда, жастар саясаты болсын, басқасы болсын, қағаз жүзінде көп жұмыс атқарылып жатқандай. Шын мәнінде, жастарға арналған идеология жоқтын қасы. Мемлекет тарапынан жастарға арналған бағдарламалар бар. Оның ішінде ауыз толтырып айтатынымыз — бірнеше жылдан бері жалғасын тауып келе жатқан «Алматы жастары» бағдарламасы. Осы сынды республикамыздың басқа да аймақтарында баспанаға арналған бағдарламалар бар. Біз жастардың әлеуметтік мәселесін қамтып, әлеуметтік жағдайын түзеуге ғана жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ал жастар тәрбиесімен айналысу, оларға жан-жақты көңіл бөлу жағы кемшін соғып отыр. Осыған қатысты мысал келтіретін болсақ, облыстан қалаға, қаладан ауданға, мекемелерден университет, мектеп, ақыр соңында балабақшаға ысырып, бір шараны атқарғандай боламыз. Ол жерде сурет көрмесі, басқа да осыған ұқсас шарамен шектеліп жатады. Ал түпкілікті жастардың мәселесімен айналысатын идеологияның тұжырымдамасын әлі жасаған жоқпыз. Осының себеп-салдары қазір көрініп жатыр. Әрине, бәрін кінәлай алмаймыз. Дегенмен жастардың басым бөлігі біздің құндылықтардан алыстап кетті. Бізде тәлім-тәрбие жағы өте нашар. Жоғары оқу орнының студенттеріне, мектеп оқушыларына рухани тәрбие беру жоғары деңгейде емес. Жастардың рухани тәрбиесін білім ошақтарына ғана ысырып тастамай, бүкіл ел болып, халық болып айналысуымыз керек.

Қазір жастарға ата-ана емес, әлеуметтік желі тәрбие беретін болды. «ТикТок», «Инстаграм» т.б. желілер жастарды тәрбиелейтін құралға айналды. 15-20 жас аралығындағы жастардың жартысы батысшыл, жартысы хип-хоп бағытында. Шетелге еліктеп шаштарын сарыға бояп, құлақтарын тесіп, сырға тағып алған. Алдағы үш жылдың ішінде арнайы бағдарлама жасап, жастардың тәлім-тәрбиесімен айналысатын идеологияны әзірлемесек, ертеңгі күні кеш қаламыз. Сондықтан мемлекет бас болып, жергілікті, тіпті республикалық бағдарламалар арқылы идеологияны күшейтуіміз керек деп ойлаймын. Дәл қазір жастар үшін жеткілікті жұмыстар атқарып жатырмыз деп айта алмаймын. «Алматы Арена» сияқты үлкен кешенге жастарды жинап алып, олар ұнататын әншілерді

шақырып концерт беріп, 1-2 кісіні сөйлетіп қойып, түрлі шара өткізумен шектеліп жатырмыз. Сол арқылы жастардың мәселесін шешіп жатырмыз деу қате. Бізде бұл бұрыннан қалыптасқан «дәстүр». Жастарды жинап алып, концерт өткіземіз, сонымен болды деп ойлаймыз. Меніңше, жастарға арналған арнайы тұжырымдама жасау керек.

Jas qazaq: Сіздің ойыңызша, қазіргі жастарды не толғандырады?

Т.Жанысбай: Қазір жастарды жұмыспен қамту жағы — өткір мәселе. Елімізде он жеті облыстан бөлек, ірі үш мегаполис бар. Жыл сайын мыңдаған студент арман қуып Алматыға келеді, оқуға түседі. Олар білім алғаннан кейін болашағын да осы қаламен байланыстырғысы келеді. Отбасын құрып, қалада қалғысы келеді. Өздеріңіз білесіздер, білім және ғылым министрлігі солтүстік өңірге барып білім алатын жастарға «Серпін» бағдарламасымен оқу грантын бөлді. («Серпін» халқы аз аймаққа көшіруге арналған бағдарлама) Тұрғындар аз тұратын аймаққа грант бөлу арқылы студенттерді тарту жағы көзделді. Бұл бір жағынан өте дұрыс бағдарлама. Өкінішке қарай, бізде бағдарламалар бастапқыда жап-жақсы басталады да кейіннен аяқсыз қалады. Алматы қаласының жастарына бағытталған «Алматы жастары» бағдарламасы да жас отбасылардың тұрғын үй жағдайын шешуге арналған. Бірақ бұл бағдарлама жастардың жағдайын түпкілікті шешпейді. Жастар негізінен Алматыға қарай ағылады. Ал біз басқа қалалардағы жастардың да жайын ойлауымыз керек. Солтүстік өңірге арналған «Серпін» бағдарламасы да сәтті. Бірақ бағдарламаның халыққа түсіндіру жағы жеткіліксіз болып тұр. Алматыда баспана жағы тапшы болса, солтүстік өңірге барған жас маман баспанамен бірден қамтылар

еді. Сондықтан ақпараттандыру жағын қолға алу керек. Кез келген мемлекетті алып қарасақ, баспананы оңай бере салмайды. Көп мемлекетте үй алу қиын. Сингапур немесе Батыстың кейбір мемлекеттерінде өмір бойы жұмыс істеп баспана ала алмайтындар бар. Ал біздің елде баспана алуға қолдау көрсететін бірнеше бағдарлама жүзеге асып жатыр. Тұрғын үй мәселесімен айналысатын арнайы банк те бар. Бірақ банктің кейбір бағдарламаларын солтүстік өңірдің жастарына арнап қолжетімді дәрежеде жүзеге асырсақ, тіпті жақсы болар еді.

Jas qazaq: Шалғайдағы ауылдарда да жастар бар. Көбісі жұмыссыз. Ауыл жастарының жағдайын көтеру үшін не істеуге болады?

Т.Жанысбай: Әрине, бұл — күрделі мәселе. Ауыл жастарының көбісі мектеп бітіргеннен кейін қалаға келеді. Біразы ауылда қалады. Қалаға келіп қоғамдық шараларға араласып, мемлекет тарапынан бөлінген бағдарламаға қатыса алатындары бар. Ал кейбір ауыл жастары, әсіресе, белгілі бір себептермен ауылда қалып қойған жастар мемлекет тарапынан жастарға арналған бағдарламалардан қалыс қалады. Ауылдағы жастардың жағдайын көтеру үшін алдымен жұмыспен қамтуымыз керек. Бірақ бұған барлық ауылдың жағдайы бар деп айта алмаймын. Өйткені ауылда инфрақұрылым жоқ. Көп ауыл қаңырап қалған. Тіпті ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдаланатын мәдениет ошақтарының есінде үлкен қара құлып ілінген. 2013-2016 жылдар аралығында жастардың мамандық тандауына байланысты жеті өңірді араладық. Сонда байқағанымыз, ауылдарда бірде-бір мәдениет орындары жұмыс істеп тұрған жоқ. Біз ауыл жастарын қоғамға бейімдеу үшін, спорттық үйірмелерді көбейтуіміз керек. Ауыл жастарының көбі спортқа қызығады. Бірақ олардың спортпен айналысуға мүмкіндігі жоқ. Одан бөлек, кешке қыдыратын, көңіл көтеретін орын жоқ. Содан басы біріксе, ішімдік ішуге дайын тұрады. Егер біз ауыл жастарын кішкентайынан спортқа бейімдесек, еліміздің әлемге танытатын мықты спортшылар шығар еді.

Jas qazaq: Бізде өнер адамдары, әсіресе, жастар еліктейтін жұлдыздар оғаш әрекетке барып, жұртты дүрліктеріп қояды. Барлығына топырақ шашудан аулақпыз, бірақ жастардың біраз бөлігінің шынайы бет-бейнесі осы. Олардың бұлай бетімен кетуінің себебі неде деп ойлайсыз?

Т.Жанысбай: Жоғарыда атап өткенімдей, мұның бәрі идеологияның жотқығынан. Өнер адамдарының арасында авторлық құқық одағы құрылған болатын. Бірақ ол одақтың ешқандай жұмысын байқамадық. Авторлар одағынан бөлек, әншілерге арнайы қауымдастық керек. Көрші Өзбекстан елінде өнер адамдарына арнайы лицензия беріледі. Бізге де өнер адамдарына лицензия беретін

одақ құрылуы керек. Өйткені қазір «аузы бардың бәрі әнші». Бұрынғыдай әншілерді сүзгіден өткізіп, сахнаға шығаратын, әннің мәтінін сүзгіден өткізетін орган жоқ. Сондықтан небір әншісімақтар сахнаға шығып, мән-мағынасы жоқ әндерді емін-еркін шырқап жүр. Одан қалды, әлеуметтік желіде ән салып, бір күнде танымал болып кетіп жатқандары қаншама. Жас әншілерді іріктеуден өткізіп, сүзгіден өткізіп барып, сахнаға жолдама беретін одақ керек. Сонда ғана кез келген әнші сахнаға шығар алдында ойланып, қандай ән айтатынын жүйелеп келетін еді. Өткенде дүйім жұртты шулатқан әншілердің әрекеті өз алдына бөлек әңгіме. Біздің «Құндылық пен тәрбие» қоғамдық бірлестігі олардың әрекетіне бей-жай қарамай, Президентке, министрлікке, Сенат төрағасы мен мәслихат депутаттарына ашық хат жолдады. Ұйымның ашық хатына қоғам қайраткерлері, ұйым басшылары, Мәжіліс депутаттары мен журналистер, өнер адамдары қол қойып, қолдау білдірді. Жастардың киелі сахнада ішіп алып, дөрекі әрекетке баруы — ұлтымыздың рухани құндылықтардан қол үзе бастауының айқын көрінісі.

Бұған дейін де өнер адамдары сахнада дөрекі қылық көрсетіп, ішімдікке тойып алып аузына келгенін айтатын. Біз кешірімді халықпыз. Бір кешірдік, екі кешірдік. Алдағы уақытта басқаларға сабақ болуы үшін, дәл бүгін сол әншілерді біз жазалауымыз керек.

Сахнадан бірнеше жылға аластатуымыз керек шығар. Болмаса, үлкен көлемде айыппұл арқалатқан дұрыс болар. Заң аясында да қандай да бір шара қолданылуы керек. Олардың әрекетін жастыққа балап, қолдап жатқандар да бар. Бірақ мен мұнымен келіспеймін. Олар жабық клубта ән салып жатқан жоқ. Балұан Шолақ атындағы үлкен сарайдың төрінде тұр. Халықтың көп жиналған жері. Сондықтан үлкен сахнада мәдениетті, өркениетті сөздер айтылуы керек. Жастарды жинап алып дұрыс нәрсе айта алмаса, оларға үлгі көрсете алмаса, сахнаға шықпай-ақ қойсын.

Jas qazaq: Қазіргі жастардың бойына рухани құндылықтарды сіңіру үшін не істеуіміз керек? Қыздарымыз етегін қысқартып, ұлдарымыз сырға тағудан тартынбайтын болды. Бұрынғының ұят деген сөзі жастар үшін қадірсіз секілді көрінеді. «Заман басқа» деп Батысқа еліктейтін жастарды қалай тоқтатамыз?

Т.Жанысбай: Жастардың бәріне топырақ шаша алмаймыз. Олардың да арасында рухани құндылықты бойына сіңірген, намысшыл, өр мінезді жастар бар. Бірақ «бір құмалақтың бір қарын майды ішіретінін» білесіздер. Қазір әлеуметтік желі жақсы болды. «Атын шықпаса, жер өрте» дегенді анайы істерімен, ар-намысын аяққа таптайтын әрекеттерін желіге салып, тамашалап жатқандар бар. Жастардың ұлттық құндылықтардан қол үзіп, жат мәдениеттің жетегінде кетуінің де бірнеше себебі бар. Әсіресе, қазіргі «Қослайк», «Бір болайық» сынды бағдарламалар жастардың санасына мықтап әсер етіп жатыр. Қазақ қыздары ашық түрде күйеу жігіт іздеп, сезімін білдірген емес. Тіпті эфир барысында бір-бірінің шашын жұлып жатады. Мұның барлығы қазақтың қызына жат қылықтар. Осындай бағдарламалар арқылы сыртқы күштер өздерінің астыртын әрекеттерін жүзеге асырып жатыр деп айта аламын. Олардың ойы қазақ қоғамын

өздерінің діндеген мақсатына пайдалану. Бағдарлама жабылсын деп қанша рет талап етсек те, жоғарыда қатаң шара қолдануға асығар емес. Менінше, бұл бағдарламаны қолдап отырғандар — ел-жұртына жаны ашымайтындар. Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматыдағы бір сауда орталығында шешінген адамға 5000 мың теңгенің азық-түлігі берілетін акция жүрді. Оған да қатысып, киімін шешкен жастар болды. Сыртқы күштер қазақ жастарын осылай сынайтын сияқты. 5000 теңгеге бола арын сатқан жастар, ертең 100 мың теңге берсе, елін де сатып кетуі мүмкін.

Қазір қоғам арасында екіге жарылу әдетке айналды. Бір тобы орыс тілділер, бір тобы қазақ тілділер. Әлеуметтік бөліністен бөлек, тіл мәселесінде де жік пайда болды. Сондықтан жастар арасында құндылықтарымызды дәріптейтін арнайы бағдарлама керек. Міржақып Дулатов атамыз «Оян қазақ» деп халықты серпілтсе, одан кейін үлкен серпіліс әкелетін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы еді. Өкінішке қарай, халықтың рухани жаңғыруына серпін берген бұл бағдарлама да жап-жақсы басталып, аяқсыз қалды. Сол баяғы дөңгелек үстелдер мен концерттер өткізіп, жалған есеп берумен шектелдік. Менің осы «Рухани

жаңғыру» бағдарламасына қатысты теориям бар. Ол «Рухани жаңғырудың формуласы» немесе «Құндылықтарға негізделген үшбұрыш теориясы» деп аталады. Ол жерде жастарға не қажет екенін арнайы сызып көрсеткем. Үшбұрыштың бір бұрышында — Тәуелсіздік. Екінші бұрышында — құндылық. Үшінші бұрышында — Отан-Жер. Осы үш құндылығымыздан асқан құндылық жоқ. Жастармен кездескен сайын осы үш құндылықты барынша дәріптеп, түсіндіруге тырысамын. Егер біз құндылығымызды жоғалтсақ, ұлт ретінде тілімізден де, Тәуелсіздігімізден айырылуымыз мүмкін. Бүгінде ұлттық құндылықтарымызды жоюға бағытталған ақпараттық соғыстың жүріп жатқанын байқаймыз. Қазір осыларға төтеп беретіндей иммунитет керек.

Жастар ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрімізді сақтап, рухани құндылығымызды ұлықтауы керек. Қазір саясат және экономикамен қатар, ең бірінші алдыңғы кезекте жастар саясатын қолға алуымыз керек. Сонда біз алдағы он жылда жастарымызға берген тәлім-тәрбиенің жемісін көретін боламыз.

Осыдан 10 жыл бұрын жастардың «Азамат» пікірсайыс клубы жұмыс істеді. Сондай-ақ көптеген қоғамдық бірлестіктер бар еді.

Қазіргі коуч-тренер дегендер өз қамын ғана күйттейді. Жастар да тез байығысы келеді. Оларда ең алдымен ұлттың мүддесі емес, жеке басының қамын көбірек ойлайды. Жастардың тез байығысы келуінің бір себебі — әлеуметтік желідегі жарнамаға сеніп қалуы. Тренингке барманыз дей алмаймыз. Сабақты түсініп, әрі қарай алып кететіндері де бар. Бірақ «Бай болудың формуласы жоқ» дегенді айтқым келеді. Өйткені жылдам баю мүмкін емес. Оған тек еңбекпен жетесіз.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Биылғы жыл «Балалар жылы» деп жарияланды. Осы орайда Үкімет қаулысымен Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген болатын.

Республикалық жоспардың мақсаты – балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани, имандылық дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау жолымен олардың өмір сүру сапасын жақсарту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Жоспарға 66 іс-шараның ішінен баланың шығармашылық, спорттық, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында тікелей бағытталған 21 (32%) іс-шара кіреді. Пандемияның екі жылында бұқаралық іс-шаралардың қысқаруына байланысты балалар өзара қарым-қатынастан

зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне алғаш рет ақшалай сыйлықтар табыс етіледі (*1 орын – 4,5 млн теңге, 2 орын – 3 млн теңге, 3 орын – 1,5 млн теңге*). Ұстаздарына да сыйлық беріледі.

Наурыз айында жалпы саны 6-дан 17 жасқа дейінгі 3 мыңнан астам баланы қамтитын «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аяқталды. Жоба толеранттылыққа тәрбиелеу және көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау арқылы балаларды

республикалық қоры да грант алушы болды.

«Әжемнің ертегілері» жобасы аясында Ұлттық академиялық кітапхана ақпан, наурыз, сәуір айларында 4-8 сыныптардың 50 оқушысына «Үлкен өнеге», «Тәрбие – тал бесіктен» танымдық сағаттарын, «Ертегілер елінде» бейне-оқылым өткізді.

Балалар жылын өткізу жөніндегі бүкіл ақпарат министрліктің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланады. Министрлік пен ОМО журналистердің 20 сауалына ресми жауап дайындады.

Сәуір айында Инновациялық психологиялық-педагогикалық идеяларды қолдану бойынша әр түрлі елдердің ғалымдары мен практиктерінің күш-жігерін біріктіру мақсатында Алматы қаласында Zoom-портал, Facebook, Youtube арқылы тікелей трансляциямен «Қазақстан Республикасындағы білім беру процесіне қатысушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық



Күн тәртібінде - баланың мүддесі



біршама ажырап қалды. Енді олар мектептегі, облыстық, республикалық мерекелерге, концерттер мен шығармашылық жобаларға белсенді атсалысуға дайын. Осындай іс-шараларда олардың қарым-қабілеті дамитыны белгілі.

Республикалық жоспардан басқа, 17 өңірлік, 280 аудандық және қалалық, сондай-ақ білім беру ұйымдарының жоспарлары қабылданды.

Жыл басынан бері 9,4 мың орындық 130 балабақша ашылды. 300 мың бала түрлі үйірме және секциялармен қосымша қамтылады. Алғаш рет Халықаралық зияткерлік, шығармашылық, спорт олимпиадаларының 100 жеңімпазы мен жүлдегерлері «байқаудан тыс» қағидаты бойынша отандық жоғары оқу орындарының гранттарына ие болады. Беделді халықаралық

адамгершілік жағынан дамыту мақсатында өткізілді. Дебатқа қатысушылар арасында – үздік шешендер мен талдаушылар; жетім балалар арасында – үздік жас вокалистер, театрлар мен хореографтар; ЕБК бар балалар арасында – үздік жас суретшілер мен сәндік-қолданбалы өнер шеберлері анықталды.

Министрлік мектеп парламенттерінің 500 көшбасшысымен 8 онлайн тренинг ұйымдастырды. Бүгінгі таңда осы бағыттағы 7 өңірдің – Нұр-Сұлтан, Алматы, Жамбыл, БҚО, ШҚО, Қызылорда және Түркістан облыстарының қызметін ерекше атап өтуге болады.

500 мың баланы ақпараттық жағынан қамтыған «Жастар мен балалар арасындағы интернет-тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу» жобасы бойынша «Жас Отан» жастар қанатының

көмек көрсету бойынша Инновациялық технологиялар» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Биылғы жылғы 1 маусымда Алматыда Балаларды қорғау күніне арналған «Балафест» мерекелік іс-шарасы өткізілді. 3 маусымда «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында жазғы маусым ашылды.

Еліміздің барлық өңірлері бойынша балалар проблемасын талдау елдегі балалардың дайындау шеңберінде жыл сайын жүргізіледі. Жүйелі проблемалар 2023-2027 жылдарға арналған балалар мүддесіне арналған жана ұлттық жоба шеңберінде кезең-кезеңімен шешілуі тиіс.

Балалар жылында атқарылатын іс-шараларды жүзеге асыру Үкіметтің ерекше бақылауында.

(Өз тілшіміз)



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Курсқа қатысушы Гүлхая Жуашбаеваның бұрыннан жазуға бейімі бар. Ол енді журналистика жанрларын меңгеріп, мол тәжірибе жинағысы келеді. Ізденімпаз жанның инклюзивті білімді жетілдіруге арнаған мақаласын ұсынып отырмыз.

Инклюзивті білім - кедергісіз орта

Мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектердің білім алуға ғана емес, қазіргі заманғы жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі болуына құқығы бар.

Біздің елімізде білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезең-кезеңімен енгізілуде. Мұнда психологиялық-педагогикалық сүйемелеуді қамтамасыз ету, арнайы кабинеттер, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құру қамтылады. Инклюзия кедергісіз орта құрудың соңғы кезеңі болып табылады. Соның арқасында қоғамның кез келген мүшесі кедергісіз білім алып, жұмыс істей алады. Сондай-ақ түрлі қызметтерге қол жеткізеді.

Статистикалық деректерге сәйкес, елімізде ерекше білім беру қажеттілігіне мұқтаж 139 887 бала бар. Олардың ішінде 95497 бала – мектеп жасында. Мектеп жасына дейінгі бала – 37970.



3289 бала жалпы білім беретін мектепте оқиды. 32125 оқушы инклюзивті білім берумен қамтылған, бұл мектептердің жалпы санының 44,45 пайызын құрайды.

Қазіргі уақытта ел ішінде инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері қалыптастырылып, тәжірибесі жинақталған. Инклюзивті білім беруді дамытудағы ең үлкен қиындықтардың бірі – Инклюзивті білім берудің барлық критерийлеріне сәйкес келетін сапалы педагогикалық құрамды дайындау. Оған себеп: жыл сайын талапкерлер санының аздығы, осындай мамандықтардың танымалдылық деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ білім беру саласындағы мамандарды қайта даярлауға қатысты түйткілдер.

Мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу стратегиясының мақсаты – оларды басқа студенттермен тең дәрежеде оқыту үшін жағдай жасау. Бұл жалпы оқу процесіне жағымды әсер етеді. Әрі ол мүмкіндігі шектеулі жанды әлеуметтік қорғаудың, оның әлеуметтік мәртебесін, кәсіби және жеке өсуі мен азаматтық белсенділігін арттырудың қуатты құралы.

Тағы бір маңызды мәселе – инклюзивті инфрақұрылыммен байланысты. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында мүмкіндігі шектеулі адамдардың қиналмай қозғалуына арналған құрылғылар болуы тиіс. Олар:

- Баспалдақта – ішкі және сыртқы пандус
- Тактильді плитка
- Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар
- Тактильді мнемосхема
- Медициналық-сауықтыру орталығы
- Есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған ақпараттық табло
- Арнайы автотұрақ
- Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған лифт
- Есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған арнайы құлаққаптар
- Аудиокітаптар, диктофондар
- Ресурстық орталықтар
- Ресурстық кітапханалар.

Еуразия ұлттық университетінде Ресурстық орталықтың ашылуы – кітапхананың кедергісіз академиялық орта құру жөніндегі тағы бір бастамасы. Бүгінгі күні көру қабілеті нашарлаған оқушыларға дыбыстық синтезаторды қашықтан таңдау мүмкіндігі мен көрмейтін оқуға арналған электронды кітаптарды ұсынатын «Lan» (<https://e.lanbook.com>) электронды кітапхана жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ көзі нашар көретіндер үшін арнайы оқырман және нашар көретін және зағип жандар үшін бейімделген мобильді қосымшаны ұсынатын IPRbooks электронды кітапхана жүйесіне (<http://www.iprbookshop.ru>) кіру мүмкіндігі бар. Ғылыми білімнің әртүрлі салаларын бейнелейтін бай медиатека (*аудио және бейне дискілер*) орталыққа келушілердің игілігіне беріледі. Ресурстық орталықтың тұрақты дамуы мақсатында жобалық іс-шаралар іске қосылып, материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында республикалық және халықаралық қорлардың гранттық қаражаты тартылатын болады. Алдағы уақытта кітапхана ЕҰҰ-ді трансформациялау бағытында университеттің басқа кафедраларымен тығыз байланыс орнатуды жоспарлап отыр.

Еліміздің әрбір жоғары оқу орнында әртүрлі санаттағы мүгедектерге – есту, көру, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, жалпы аурулары бар студенттерге қызмет көрсету орталықтары құрылса, құба-құп болар еді. Бұл мүмкіндігі шектеулі студенттердің қоғамнан сырт қалмауы үшін керек.



Гүлһая ЖУАШБАЕВА, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасының инклюзивті ақпараттық ресурстар орталығының координаторы

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ – Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1081; Бағасы келісім бойынша Таралымы – 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясының ұшақтарында бар.</i> <i>Jas qazaq gazeti «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	---	--	---